

МЫ СТРЕМИМСЯ К СОЗДАНИЮ СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЙ ДЛЯ ВСЕХ УЧАСТНИКОВ РЫНКА И ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ. РЕГЛАМЕНТ ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ ШАГОМ В ЭТОМ НАПРАВЛЕНИИ, КОТОРЫЙ ПОЗВОЛИТ НАМ ОПТИМИЗИРОВАТЬ РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ВАГОНОВ И ОБЕСПЕЧИТЬ РАВНЫЙ ДОСТУП К НАШИМ РЕСУРСАМ.

Кайрат САУРБАЕВ,
генеральный директор АО «Қазтеміртранс»



№41 (2971)
14/05/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ: АРНАЙЫ ШТАБ БАҚЫЛАУЫНДА

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі келесі қысқа дайындық мақсатында бюджеттік ұйымдар мен халықты көмірмен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. Орындау мерзімдерін көрсете отырып жасалған құжат қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдарға, көмір өндіруші кәсіпорындарға және «ҚТЖ» ҰК-ға жолданған.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«ҚТЖ» ҰК-а АҚ тарапынан әлеуметтік маңызға ие жүктің бірі көмір тасымалы күн тәртібінен ешқашан түскен емес. 2023 жылғы мамырдан бастап 2024 жылғы 30 сәуірге дейін Қазақстан бойынша шамамен 73,5 млн тонна тас көмір теміржол көлігімен тасымалданғаны – сөзіміздің айқын мысалы. Бұл алдыңғы жылғы кезеңнің тасымалдау деңгейімен сәйкес келіп отыр. Тұтынушылар үшін ҚТЖ желісі бойынша 7,7 млн тоннадан астам көмір тасымалданса, еліміздің жылу электр орталықтарына 65,8 млн тоннадан астамы жеткізілген. Бұл өткен жылғы маусымдағы шамадан миллионға артық. Осылайша, бес жылда алғаш рет ЖЭО-дағы көмір қоры рекордтық көлемге – 5,5 млн тоннаға жетті.

ҚТЖ-да көмір тасымалын үйлестіру жұмыстарымен айналысатын арнайы штаб жұмыс істейді. Жедел штаб құрамына орталық аппарат пен аумақтық бөлімшелердің 60 астам қызметкері топтастырылған. Штаб Қазақстанның барлық облыстарына



қатты отынды көмір разрездерінен жөнелтудің тәулік бойы мониторингін жүргізеді. Бұл үшін ҚТЖ-да көмірді жеткізуді онлайн режимде бақылаудың интерактивті жүйесі әзірленген. Штаб жедел режимде реттеу шешімдерін қабылдайды

және бос вагондарды жіберу мен тиеуді шұғыл және орта мерзімді жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Осы ретте 2023-2024 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде көмір тасымалдау үшін «Қазтеміртранс» АҚ вагон паркінің 20 мыңға жуық

ашық вагоны жұмылдырылып, 10,4 мыңнан астам вагон жылу электр орталықтарын тас көмірмен қамтамасыз етсе, 9,5 мыңы халыққа тасымалдайтын болады.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЖҮК ВАГОНДАРЫ ПАРКІ ЖАҢАРУДА



«Қазтеміртранс» АҚ жылжымалы құрам паркіне жоспарлы жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын белсенді жүргізуде. Айталық, жыл басынан бері компанияның 3 мыңнан астам жүк вагоны жөндеуден өткен.

Сонымен қатар «Қазтеміртранс» АҚ-ның стратегиялық бағыттарының бірі вагон паркін жаңалауға бағытталған. Мәселен, осы жылдың басынан бері вагон паркі 50 жаңа ашық құраммен толықса, өткен жылы 240 астам заманауи ашық вагон сатып алынған болатын. Осылайша, соңғы он жылдықта ҚТТ паркі 25 мыңнан астам вагонмен жаңартылған. Мамаңдардың айтуынша, сатып алынған вагондар барлық заманауи стандарттарға толығымен сәйкес келіп, қажетті техникалық сипаттамалармен жаратандырылған, олардың ішінде жүк көтергіштігі жеткілікті тоннаға дейін жететін құрамдар бар. Олар әлеуметтік жүктерді, оның ішінде астық, көмір, құрылыс материалдарын және басқа да әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдаумен айналысады. «ҚТТ» АҚ 2025 жылдың соңына дейін тағы 3 мыңға жуық жаңа жүк вагонын сатып алып, паркті жаңартуды жоспарлауда.

Нұрбек БЕКЕН

ПЕРЕВЫПОЛНЯЯ ПЛАН



Филиалы ТОО «Теміржол жөндеу» перевыполняют план по капитальному ремонту железнодорожного полотна, обновив с начала работ 54,6 километра пути.

Всего в течение 2024 года компания капитально отремонтирует 257,74 километра пути. Работы начались в марте, тогда обновили 7,4 километра при плане 6,05. В апреле при плане 27,6 километра уложено 28,8. План на май – 44,7 километра, к настоящему моменту капитально отремонтировано 18,3.

Всего с начала работ обновлено 54,661 километра. Из них 23,37 километра – на участке Арыс – Талдықұдық – Шағыр силами ПМС Бірлік. 12,91 километра на участке Жарлы – разезд 202 отремонтировано работниками ПМС Ақтөбе. ПМС Астана провели работы по капремонту 10,5 километра пути на участке ОП180 – Жаксы. ПУ Шар – 7,874 километра на участке Енрекей – Айғыржал.

Любовь РОВБА

АСПЕКТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА



Дорожную карту по развитию стратегического сотрудничества в сфере транспорта и логистики между Казахстаном и Узбекистаном на 2024-2025 годы подписали в Астане.

Министр транспорта Марат Карабаев провел рабочую встречу с министром транспорта Республики Узбекистан Илхомом Махаммовым.

В ходе встречи были обсуждены основные направления сотрудничества, возможности его дальнейшей активизации, а также реализации совместных проектов в сферах развития международных транспортных коридоров, железнодорожного и автомобильного транспорта, строительства транспортной инфраструктуры.

В частности, на сегодняшний день ведется работа по реализации проекта «Строительство новой железнодорожной линии Дарбаза – Мактаарал». Он позволит увеличить пропускную способность между двумя странами еще на 10 миллионов тонн.

Также рассмотрен вопрос строительства железной дороги Термез – Мазари – Шариф – Кабул – Пешавар. Казахстанская сторона поддерживает инициативу Узбекистана и готова участвовать в реализации данного проекта посредством предоставления материалов верхнего строения железнодорожных путей.

– Убежден, что реализация проекта будет способствовать развитию регионального сообщения и торговли для стран Центральной Азии, так как откроется доступ к крупным морским портам Южно-Азиатского региона, – поделился глава ведомств.

Руслан РАХМЕТОВ

Цифрландыру

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеуде өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің он жылдық мерейтойлық саммитіне қатысты. Осы жылдар ішінде Қазақстанның одаққа мүше елдермен сауда айналымы 1,7 есе артып, 28,5 миллиард долларға жетті. Экспорттық өсім 2 еседен асқан.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Мемлекет басшысының айтуынша, сыртқы нарықтармен байланыстыратын орнықты көлік жүйесінің болуы ұзақмерзімді интеграцияны жолға қоюдың негізгі шарты болып қала бермек. Бүгінде Еуразияның көлік құрылымы Еуропа мен Азия, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы тиімді сауда байланысын қамтамасыз етіп отыр. Алайда, алдағы онжылдықтарда Еуразия аймағындағы инфрақұрылымның тозғаны анық сезіле бастайды және оны жаңарту қажеттілігі арта түспек. Сондықтан көлік және логистика инфрақұрылымдарын жаңғырту және кеңейту – маңызды мәселе.

«Рельс төселген жерде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол себепті Қазақстан 2030 жылға дейін 11 мың шақырым теміржолға жөндеу жүргізіп, жаңадан 5 мың шақырымнан астам теміржол салуды жоспарлап отыр. «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы аясында Қытайдың

Сиань қаласында Қазақстанның терминалы бой көтерді. «Қытай – Еуропа» бағытында контейнер арқылы тасымалданатын жүктің 40 пайызға дейінгісі сол жерде жинақталады. Сонымен қатар Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан шекараларында және Каспий теңізінде 5 трансшекаралық көлік-логистика хабын іске қосу жоспарланып отыр», – деді Президент.

Осынау кешенді инфрақұрылымдық шешімдер Еуразия күре жолдарын одан әрі бір-бірімен ұштастыруға және мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етпек. Қазақстанның теміржол саласын дамыту ісі бірыңғай цифрлық экожүйені құру арқылы тың серпін алатыны сөзсіз. Осы ретте, Қазақстан келесі жылы теміржол тасымалы саласында жасанды интеллект элементтерін пайдалануды көздеп отыр.

– Озық технологияларды қолдану тасымал тиімділігін айтарлықтай арттырып, өзіміздің және серіктестеріміздің шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл тариф саясаты мен кеден рәсімдерін үйлестіру, сондай-ақ Еуразияның

бірыңғай цифрлық дәлізін құру арқылы тұтас логистика желісін қамтамасыз ету үшін керек. Нақты шара ретінде тауармен бірге жіберілетін құжаттардың бәрін QR-кодтар арқылы қашықтан тексеру және цифрлық құжаттарды өзара тану механизмін енгізуді ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде табысты цифрлық трансформация тек жеке елдердің ғана емес, бүкіл өңірдің экономикалық дамуы мен технологиялық дербестігін айқындайтын факторға айналып отыр. Цифрландыру саласындағы ынтымақтастық интеграциялық бірлестікті орнықты дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс. Сондықтан Қазақстан жаппай цифрландыру жағдайында Одақтың «төрт еркіндік» қағидатын дамыту жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссияның бастамасын қолдайды. Ал жасанды интеллектке баса мән бере отырып, аймақта барынша жылдам дамып келе жатқан цифрлық экономикалардың бірін құру – қазақ елінің алға қойып отырған айқын мақсаттарының бірі.

ПОПУЛЯРНОСТЬ ЖЕНСКИХ ВАГОНОВ ВЫРОСЛА В ДВА РАЗА



С начала года услугой проезда в женских вагонах воспользовались около 70 тысяч женщин. В 2023 году данный показатель составил более 34 тысяч.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

С 2021 года АО «Пассажирские перевозки» предоставили возможность путешествия в женских вагонах. Так, с момента запуска услуги ею воспользовались свыше 359 тысяч женщин.

Изначально женские вагоны курсировали на нескольких маршрутах, в данный момент

услуга действует на восьми пассажирских поездках, следующих по направлениям Алматы – Мангистау, Алматы – Оскемен, Павлодар – Туркестан, Мангистау – Семей, Атырау – Астана, Ақтобе – Алматы-1, Астана – Алматы-2, Астана – Шымкент.

Отметим, что билеты в женские вагоны продаются только женщинам, а в этих вагонах работают исключительно



проводники-женщины. Кроме того, в них допускается проезд пассажиров мужского пола до семи лет.

В настоящее время проводится социальный опрос по дальнейшему развитию проекта «Женский вагон».

Результаты опроса помогут лучше понять потребности и предпочтения пассажиров, а также определить стратегию развития проекта «Женский вагон» с учетом актуальных запросов и требований общественности.



Саят БЕКЕНОВ,

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінің директоры:

«БИЫЛҒЫ КӨКТЕМГІ БАЙ-ҚАУ БАРЫСЫНДА ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ЛОКОМОТИВТЕРДІ СЫРЛАП ДАЙЫНДАУ, ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕ КЕЛТІРУ, СОНДАЙ-АҚ АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ СТАНЦИЯЛАР МЕН ТЕМІРЖОЛ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНІП ОТЫР»

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ

36 тыс. доз

ПЕРЕВЕЗЕНО АО «KTZ EXPRESS» ТРАНЗИТОМ МЕЖДУ КИТАЕМ И СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ С НАЧАЛА 2024 ГОДА.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ В КАРАГАНДИНСКОМ ОТДЕЛЕНИИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ ҚТЖ ОБНОВЯТ

67 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА.

СВЫШЕ

2,5 тыс. тонн

СЖИЖЕННОГО ГАЗА ДОСТАВЛЕНО В АПРЕЛЕ 2024 ГОДА ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ В КОСТАНАЙСКУЮ ОБЛАСТЬ.

№41 (2971) 14/05/2024

12 мамыр – қазақ халқының маңдайына біткен ұлы тұлғаның бірі Мұхаметжан Тынышпаевтың туған күні. Сан қырлы қайталанбас дарын иесінің күрделі де қиын тағдыры ешкімді бей-жай қалдырмайды. Тынышпаевтанушылар өткен ғасырдың басында өмір сүріп, жүз жыл бұрын бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Алашорда зиялыларының қатарында туған халқының игілігі жолында өлшеусіз еңбек етіп, сол жолда жанын қиған, өмірі күреспен өткен ұлт қайраткерінің артында қалған мол мұрасын әлі зерттеуде.

ҚАЗАҚ ИНЖЕНЕРІ



Қазақтың тағы бір ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаев пен Мұхаметжан Тынышпаевты байланыстыратын бір ұқсастық бар сияқты. Екі тұлға да өз дәуірінде атақ-мансаптың шыңына шықса да қарапайым адамдық болмысынан айнымаған. Ірі мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткен Тынышпаев ғылыми еңбектері мен жарияланған мақалаларына «Қазақ инженері» немесе «Инженер Тынышпаев» деп қол қойса, Қонаев «Тау-кен инженері» деп қана шектелген. Қонаев өзінің өмірбаяндық естелігінде Санкт-Петербург университетін бітірген қазақтың тұңғыш теміржол-инженері Мұхаметжан Тынышпаев образын өзіне үлгі тұтқанын, өскенде инженер болуды бала кезден армандағанын жазады.

Өткен ғасырдың басында Жетісудағы Верный гимназиясын үздік бітіріп, Петербургтегі І Александр атындағы теміржол институтына оқуға түскен, Ресей Думасына депутат болған қазақтың перзенті өз дәуірінің озық ойлы, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар азаматы болған. Телгейей теңіз білімінің арқасында тарихшы-этнограф, физика-математика ғылымдарын терең меңгерген, техникалық сауатты маманның барлық салада қолтаңбасы қалған. Негізгі кәсібінен бөлек, «Қазақ халқының тарихы» атты деректі еңбегінің өзі неге тұрады. Қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметі ше? Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары, Түркістан автономиясының Премьер-министрі болған адамның, кейіннен жоғары оқу орнында физика-математикадан дәріс бергені... тағысын тағы еңбектері оның сан қырлы болмысын көрсетеді.

Ал жоғары білімді теміржол инженері ретінде еңбегі ұшан-теңіз. Тынышпаев-теміржолшы тақырыбын үш кезеңге, жоқ төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Патшалық Ресей кезінде 1915 жылдары Жетісу теміржолының құрылысына қатысып, Шымкент-Түлкібас-Әулиеата арасында теміржол құрылысына басшылық еткен Тынышпаевтың қолтаңбасы күні бүгінге дейін Машат шатқалында «Тынышпаев туннель» болып тұр. Сондай-ақ, Орта Азия теміржолын түлетуге атсалысты, инженерлік білімін Әмудария арқылы көпір салуға, «Ашхабад-Ташкент» темір жолының Урсатевск-Әндіжан телімінің құрылысына жұмсады. Ал кеңес үкіметінде бүкілхалықтық құрылыс болып жарияланған әйгілі «Түркістан – Сібір», яғни «Түркісіб» теміржолы құрылысының өн бойында Тынышпаевтың ізі сайрап жатыр. Бұл ең алдымен Шоқпар асуына байланысты. Түркісбтің оңтүстік құрылысында өндірістік бөлімді басқарған инженер Тынышпаев Луговойдан басталған жол құрылысының жоспарлағандай Қордай асуы арқылы емес, Шоқпар арқылы жүргізілуіне ықпал етеді. Ол Қордай асуының өте қолайсыз және тиімсіз екенін, жол салуда кездесетін қиындықтардың көп болатынын, ойлы-қырлы өңірде құрылыс жүргізу қиындықпен қатар көп қаржыны қажет ететінін, жол салынған күнде ол жолмен пойыз жүру үшін бір емес, бірнеше локомотив тартымы қажет болатынын жобалаушыларға дәлелдеп, ақыры өз нұсқасын өткізеді. Арнайы құрылған комиссия Шоқпар мен Қордай жобасын зерттей келе, Қордай нұсқасының шынымен

де тиімсіз екеніне көз жеткізіп, Тынышпаев ұсынған Шоқпар нұсқасын таңдайды. Бұл туралы «Великий творец добра и света» деген кітабында қарт журналист Федор Осадчий тәптіштей жазады. Сондай-ақ Алматы-1 станциясының, теміржол вокзалының орнын таңдауда да Тынышпаевтың ұсынысы қабылданғаны тарихтан белгілі. Бұл дегеніміз бүгінгі Түркісіб ауданының орналасуы мен құрылып-қалыптасуына да ықпалын тигізгені анық. Ең өкініштісі, осындай талантты инженер, біртуар азамат ұлы құрылыс аяқталған сәтте «халық жауы» ретінде тұтқындалады. Алматы түрмесінде жылдан аса жатып, жердің түбі Воронежге айдауға жіберіледі. Міне, айдауда жүріп «Москва-Донбасс» теміржолының құрылысын салуға қатысуы – оның кәсіби қызметінің төртінші кезеңі. Жат жер, ауыр жұмыс, тұрмыстық-әлеуметтік және моральдық-психологиялық ахуал Тынышпаевтың денсаулығын күйретіп кеткені анық. 1932 жылдан 1936 жылға дейін айдауда болып елге оралған соң 1937 жылы «Гурьев-Қандыағаш» теміржолының құрылысына аттанады. Бірақ сол жылы жұмыс істеп жүрген жерінен тағы да ұсталып, Ташкент түрмесіне тоғытылады. Тағдыр талайына жазған ауыр азап пен бейнеттен жасына жетпей қартайып, мүжіліп, денсаулығынан айрылған қайран азамат 1938 жылы түрмеде өледі, кейбір деректерде атылды деп айтылады.

Бұралаң-бұлтартысы көп күрделі тағдыр иесінің жеке өмірі де оңай болмаған. Сүйіп қосылған алғашқы жары айдай сұлу Гүлбаһрам Шалымбекова медбике болған. 1922-23 жылы Шымкентте обадан қырылған халықты емдеп жүріп жұқтырып алып жастай қайтыс болады. Тынышпаевтың ұлы Ескендір (белгілі кинорежиссер, оператор болған) мен Фатанад-Бану мен Динарада атты екі қыз осы Гүлбаһрамнан туған. Одан кейін қайтыс болған жолдасының жесірі, Гүлбаһрамның сіндісімен бас қосып, Ендік атты қызы дүниеге келген. Бұл неке де баянды болмайды. Тек арада 7 жыл өткенде құмық қызы Әминаға үйленіп, аз уақыт болса да отбасы, жар қызығын көрсе керек. Әмина сонау Петербурда бірге оқыған жолдасы, дағыстандық ақсүйектер әулетінен шыққан Даут Шейх-Әлидің қарындасы болған. Үйленген соң жылы жетпей ұсталып, Алматы түрмесінде жатқан Тынышпаев сүркія заманның райын болжаса керек, ұлы туғанда атын Дәулет қойындар, ал фамилиясы Шейх-Әли болсын дейді. Воронежге айдалған ерінің артынан емшектеті баласын алып барған Әмина айдаудағы қиын-қыстау жылдарды күйеуімен бірге көріп жанына жалау болған. Тынышпаев екінші рет ұсталып кеткен соң төркінін сағалап Уфа қаласында тұрақтап қалып, қалған өмірін жалғыз ұлына арнап, өсіріп жеткізген осы бір рухы мықты қайсар құмық әйелінің табиғатынан да емендей берік ерімен ұқсастық табар едік. Бүгінде 92 жастағы қарт ғалым Дәулет Шейх-Әли-Тынышпаев әкесінің мұрасын жинастырып, кітап шығарды. Тынышпаев атындағы қорды қарындасы Айсадан туған жиені Нұршакен Жүніскезы басқарып, деректі фильм түсіріп, басқа да арда азаматтың атын ұлықтауға қатысты үлкен жұмыс атқарып отыр.

Меруерт ӨМІРЗАКОВА,
Астана

ТЕЖЕГІШ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жиында ТЧЭ-27 – Илецк локомотив пайдалану депосының бастығы Ерболат Құсниязов сөз сөйлеп, конференцияға төрағалық етті. Өз сөзінде ол 2023-2024 жылғы қысқы кезеңдегі жұмыстарды ескертпе алмай жүргізгенін, пойыздар мен локомотивтерде тежегіштердің қатуына жол берілмегенін жеткізді. Сонымен қатар Іс-шара кезінде екі шаруашылық бойынша, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайына, жыл басынан


Илецк станциясында локомотив және вагон шаруашылығы қызметкерлерінің қатысуымен автотежегіш тақырыбына арналған конференция өтті. Іс-шара мақсаты – жылжымалы құрамның тежегіш механизмінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

бері жылжымалы құрамдардың тежегіш тетіктерінің жұмысына талдау жүргізілді. Илецк техникалық қызмет көрсету қосынының бастығы Рашид Байниязов пойыздардың кешігуіне жол бермеу үшін, сонымен қатар тежегіш тетіктерінің сапасын арттыру мақсатында жылжымалы құрамдардың тежегіштерін толық және қысқа сынақтан өткізу, оларды қарау технологиясын іс жүзінде көрсету арқылы техникалық сабақтар өткізу қажеттілігін айтты.

Жол үстінде локомотивтердің тежегіш құралдарының жарамды жұмысын қамтамасыз ету үшін локомотив бригадалары локомотивтерді қабылдап аларда тежегіш датчигінің жұмысын тексеру, тежегіш иінтірегішінің

реттеуі, сонымен қатар құм шаруашылығын да тексеру қажеттілігін ТЧЭ-27 бастығының орынбасары Александр Соболев атап өтті. – Локомотив бригадалары жол бойында автотежегіштердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек. Ол үшін жылжымалы құрамның тежегішін пайдалану жөніндегі №1109-ІЦЗ бұйрығы, 9 бөлімі бойынша нұсқаулықты ұдайы сақтап, орындап отыру керек, – дейді Александр Соболев. Мұндай конференциялар өткізу жұмыс процесінде туындайтын мәселелерді шешу, сол арқылы пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет екені айтылды.

ЖОБА ЖАСАУШЫЛАР ЖЕТІСТІГІ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Кейіпкерлеріміз – Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі бастығының орынбасары Еркебұлан Сүлейменов, осы бөлімнің жетекші инженері Мақсат Тілепбергенов және Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша жетекші инженері Жайылхан Сейітов. «Жүз жас есіммен» танылған бұл үшеуі Қызылорда станциясындағы салалық мекемелерде еңбек ете жүріп талай жетістікке ие болды. 2022 жылы өткен ХІ Жастар форумына қатысып, «жүз жас есім» қатарынан көрінген жас теміржолшылар одан кейінгі екі жыл бойы шыңдау, дайындау, бейімдеу сынағынан өтті. Жылына төрт рет арнайы мамандардан «лидерлік», «стресске шыдамдылық», «ишік коммуникация», «оңтайлы шешім қабылдау тәжірибесі», «жобаны басқа-

Соңғы екі жыл көлемінде компания бойынша өткізілетін Жастар форумында өз жобаларын дәйекті түрде қорғап қана қоймай, жетістікке жеткен жас теміржолшылар Қызылордада баршылық.



ру негіздері» және «жеке бренд» санатында модульді оқу тәжірибесінен өтіп ХІІ жастар форумында да біліктілік пен білімді шыңдауды жалғастырған. Демек үш жас теміржолшы үнемі ізденіс, тәжірибе жинақтау, бейімделу үстінде. Сонымен қатар олар өз жобаларын әрі қарай жетілдіріп келеді, бұл бағытта жетекшілерімен онлайн форматта ақыл-кеңес алып, командалық құраммен жұмыс істеуде. Мысалы Жайылхан Сейітов өз командасындағы жеті әріптесімен бірге ЭЦП кілті арқылы өндірістік есептерді онлайн форматта тапсыру, алыс-жақын бекеттердегі ШП СОБ шықаруына ревизия жасауды оңтайландыруды жетілдіру бағытында жұмыс жасауда. – Жоба талабына байланысты белгілі бір кәсіпорынның арнайы мамандарымен байланыс орнату отырып жоба негізіндегі талаптардың орындалуын есепке алып, сараптама жасай-

мыз. Сонымен қатар жобаға жұмсалатын шығын, кіріс, табыс түрлерінің мөлшерін есептеу жұмыстарын жүргіземіз. Әркімнің пікірі тәлімгерлеріміздің онлайн форматтағы кеңес дәрісінде сарапта салынады. Мысалы біздің команда мүшелері Қарағанды, Шымкент, Астана және Қазалы станцияларындағы жұмыс жасайтын жастардан құралған, – деді Жайылхан Сейітов. Мақсат пен Еркебұланнның жобасы өндірістік сатып алу-сату жұмыстарымен байланысты. Олар жоба негізінде тапсырыс беруші мен тапсырыс орындаушылар арасында туындайтын мәселелердің болмауына алдын алуды мақсат етеді. Жобамен жұмыс жасаған жағдайда сатып алу мен сату шарттарының қос тарапты да қанағаттандыру үшін әлі де ізденіс, сараптау жұмыстарын жасауда.

Суретті түсірген автор

ДАЛАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ӨТТІ

Су тасқыны аймақ тұрғындарын біраз әбiгерге салғаны рас. Жаға бекiту жұмыстарына қатарында теміржолшылар да аз болған жоқ.



Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау


Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің қызметкерлері мен Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай құрылымдары айға жуық уақыт Жайық жағасын топырақ толтырылған

қапшықтармен бекіту жұмыстарын атқарды. Соған сәйкес жуырда Азаматтық қорғаудың төтенше жағдайдағы, яғни далалық жағдайдағы (в полевых условиях) оқу-жаттығуы өтті. Іс-шара «Бекініс бекіту кезінде Қызылорда аумағы тұрғындарының қауіпсіздік қағидаларын білмегеннен жарақат алуы» тақырыбы

бойынша өтіп, оған облыстық төтенше жағдайлар департаментінің медициналық апаттар орталығы дәрігерлері мен Атырау жүк тасымалы бөлімшесі қызметкерлері және ауыл тұрғындары да қатысты. Апаттар медицинасы Атырау филиалы 3-бригада дәрігері Бердигулова Фариза, Фельдшерлер – Досқалиева Дана, Набидуллаев Еламан және жүргізуші-құтқарушы Нәжетов Айдарбек қауіпсіздік шараларын орындамағанның қолын ауырттып жарақат алған адамға алғашқы медициналық көмек көрсетті. Оның жарасын таңып, қан қысымын өлшеп, екпе салды. Жарақат алушы емханаға барудан бастартты. «Далалық жағдайда мұндай жағдайлар, яғни жарақат алу кездесетіні рас. Сондықтан да осындай шара өткіздік. Бұл әрі қауіпсіздік, әрі жұмысшыларға методикалық көмек деп есептейміз», – дейді Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімінің инженері Нұрлан Сұлтанғалиев.

Суретті түсірген автор


БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІНЕ – БАЙЫПТЫ КӨЗҚАРАС



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

Теміржолды сапалы байланыспен қамтамасыз етіп, белгі беру қызметінің мінсіз болуы – маңызды мәселе. Сондықтан дистанция мамандары, байланыс механиктері өздеріне тиесілі учаскелердегі желінің қалыптасу жұмыс істеуін мұқият бақылауда ұстап, Арыс пен Сарыағаш және Түркістан қаласындағы теміржол мекемелерін сапалы байланыс қызметімен барынша мінсіз қамтамасыз етіп келеді. Қобдиша ішіндегі жанып-өшіп жыпылықтап тұрған нүктедей ғана қызылды-жасылды, сары түсті шамдардың қызметі зор маңызға ие. Өйткені бұл құрылғылар әлемге әйгілі Huawei компаниясының өнімі болып табылады. Ал олар «Транстелеком» желілік байланыс компаниясының жабдықтауымен біріктіріле іске қосылған. Бір қызығы, Түркістандағы байланысшылардың бұл ғимараты мен мұнда ұйымдастыры-

Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының Түркістандағы мекемесіне соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталған DX-500 пен СИ-3000, ISKRATEL сандық аппараты қойылған. Желілік аппарат механигі Ұлықбек Қожабаев заманауи құрылғылардың тілін жетік меңгерген білікті маман.



латын қызмет республика аумағы бойынша екі өңірдің байланыс тетіктері түйіскен нүкте болып табылады. Айталық, талшықты-оптикалық желінің бір ұшы – батыс аймақтан аппаратты Қызылорда арқылы жеткізсе, екінші ұшы – Арыс, Шымкент арқылы Тараз, Алматы, Астана мен солтүстік өңірлерді түгел қамтиды. Екінші желіні жоғарыда атап өткен ISKRATEL аппараты арқылы қамтамасыз етіледі де, DX-500 қорапшасындағы ұяшық тетіктер батыс аймақты түгел қамтиды. Ерекшелігі сол – диаметрі 3-4 миллиметрлік желі соңғы технологиялық жетістік. Өйткені осы күндері қолданыстағы бір сымның қызметін Кеңес заманындағы байланыс желісінің екеуі бірігіп орен атқарған. – Бұрынғы аппараттар мен желілерді қазіргі қолданыстағы жабдықтауымызбен салыстыруға мүлдем келмейді. Себебі, УТР-желісінің біреуінің өзі бірнеше байланыс түрін қамтамасыз етуге қауқарлы. Яғни талшықты-оптикалық бұл желі дыбыстық немесе бейнебайланысқа

шыққан бірнеше абонентті бір мезетте жоғары сапада байланыстыра алады, – дейді желілік аппарат механигі Ұлықбек Бектемірұлы. Бүгінгі таңда мекемеде 6 маман ауысымы бойынша еңбек етеді. Олардың жұмысы үлкен кабинеттің бір жақ бетін тұтас алып жатқан құрылғылар қызметімен тығыз байланысты. Мысалы, шағын қорапты болса да, атқаратын қызметі ауқымды «Гранит» құрылғысы байланысқа шыққан барлық абонентті жазып алуға қауқарлы. Оның жанында талшықты-оптикалық желінің ұяшық бағанасы мен электр энергиясы сөнген жағдайда, байланыс қызметі тоқтамауы үшін 12 вольттық 4 аккумулятор орнатылған. Одан бөлек мұнда электр қуатын тұрақтандырушы да іске қосылған. Әрбір құрылғының қызметін бізге байыппен түсіндірген механик: «Жалпы, теміржол көлігінде байланыс саласының қызметі зор, оған байыпты көзқарас қажет» деп әңгімесін түйіндеді.

Суретті түсірген автор

ДО ЛЕТА РУКОЙ ПОДАТЬ!



В рамках весеннего осмотра созданы рабочие группы под председательством директора Карагандинского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марата Ибраева.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Комиссией организованы выезды на все станции и перегоны НОДГП, протяженность которых составляет около 2 700 километров. При проведении осмотров особое внимание уделено состоянию технических средств, зданий и сооружений, в том числе домов отдыха локомотивных бригад, для работ в летний период и готовности к работе хозяйства в зимний период 2024-2025 годов.

Согласно правилам проведения и оформления комиссионных осмотров тягового и моторвагонного подвижного состава, было проверено техническое состояние 1 457 локомотивов после работы в зимний период и качественной подготовки их к летним грузовым перевозкам (952 единицы тепловозов и 504 электровоза). Как отметил Марат Ибраев, по итогам весеннего комиссионного осмотра в целях обеспечения безопасности движения поездов, охраны труда, технических средств, исполь-



зования основных фондов и подвижного состава в границах НОДГП будет проведен анализ результатов ВКО предприятий. – Также будут разработаны планы корректирующих действий по устранению допущенных несоответствий и причин их возникновения, – подчеркнул он.

Фото автора

НАДЕЖНЫЙ ТОРМОЗ – ЗАЛОГ БЕЗОПАСНОСТИ



Обеспечение удовлетворительной работы тормозного оборудования подвижного состава – такова цель автотормозной конференции, прошедшей в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Илецк. В ней приняли участие работники локомотивного и вагонного хозяйства.

Яна ЛЕНИНА,
Илецк

Для обеспечения безопасности движения необходима надежная работа подвижного состава. Для решения возникающих в процессе работы вопросов и проводятся автотормозные конференции.

По словам председателя конференции, начальника Илецкого локомотивного депо (ТЧЭ-27) Ерболата Кусниязова, в зимний период 2023-2024 годов отработали без замечаний, перемерзаний питательной и

тормозной магистрали у локомотивов и в поездах не допущено. Были проанализированы состояние безопасности движения по локомотивному и вагонному хозяйству, а также работа тормозного оборудования подвижного состава с начала 2024 года.

Как отметил начальник ПТО Илецк Рашид Байниязов, для улучшения качества работы тормозного оборудования с целью предупреждения задержек поездов в пути следования необходимо регулярно проводить технические занятия с практическим показом технологии осмотра тормозного

оборудования, полным и сокращенным опробованием автотормозов подвижного состава.

